

ӘОЖ 72.012

ЭКОДИЗАЙНДЫ ДАМУДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛДЕР

Ермалат Жанарыс

jhanaris.ermalat.92@list.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің
«Сәулет-құрылыс» факультетінің магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Т. К. Самуратова

Бұл мақалада өнімді пайдалану қауіпсіздігі, денсаулыққа зиян емес екенің және де эко өнім екенін есте сақтау, қалдықтарды барынша азайту; салауатты орта құру; жаңартылмайтын ресурстарды тұтынуды азайту. Зерттеу барысында Эко-дизайн, өмірлік циклды бағалау, қоршаған ортаны, тұрақтылық, ластану, жаңартылу - инновациялық ойлауды қажет ететін проблемалар. Пластикалық тұрақтылық ресурстарды, жаңартылатын көздерді, энергияны үнемдеуге, қоршаған ортаны ластануға және көміртегі шығарындыларын азайтуға, қайта өңдеуге, түпкілікті шығындарды оңтайландыруға, қайта өңделген пластикті жөндеу және пайдалану. Энергияны, ресурстарды және ластануды үнемдейді, бірақ сонымен бірге техникалық талаптарға және белгілі бір ережелерге сәйкес келу үшін пайдалану мүмкіндігі қарастырылады.

«Эко» термині жыл сайын біздің өміріміздің барлық салаларына көбірек еніп келеді. Эко-өнімдер, эко-киім, эко-косметика, енді Эко-дизайн. Бірақ сіз "экодизайн" сөзін естігенде не келеді ойыңызға? Қонақ бөлмесіндегі қабырғадағы бұғы мүйіздері ма? Әлде ас үйдегі орындықтардың орнына қарасора ма? Кереуеттің орнына Гамак па?

Экодизайн- адамның қоршаған ортасын табиғатпен байланысын айтады. Экодизайнның негізгі элементтері яғни негізгі материалдары - ағаш, тас, балшық, шыны, табиғи материалдан жасалған маталар.

Негізгі түстер: ашық қоңыр, қоңыр, ақ (қара немесе қарақошқыл ағаш).

Экодизайн - өнімнің қолдану кезеңінде қоршаған ортаға деген зиянына баса назар аударатын дизайндағы ағым. Экодизайнда өнімнің жасалу, қолдану және утилизациялау кезеңіндегі жайы есепке алынады. Әдемілік, ыңғайлылық пен бағамен бірге, экодизайн мынадай факторларға көңіл бөледі: жасау, қолдану және утилизация кезіндегі табиғи ресурстардың шығындалуы; материалдардың шығу тегі; қолданудағы қауіпсіздік: яғни өнімнің денсаулыққа зиян тигізбеуі, артық шудың, вибрацияның, қалдықтардың болмауы; өнімнің утилизациядағы қарапайымдылығы мен қауіпсіздігі, материалдарды неғұрлым аз шығынмен қайта қолданудың мүмкіндігі [1].

Экодизайн бұл тек дұрыс тұтыну, қайта өңдеу, табиғи материалдарды пайдалану ғана емес, сонымен қатар көгалдандырудың заманауи бетон әлеміне енгізу. Сингапурда кеңсе тіректерінің шатырларын жұмысшылар үшін демалыс саябағына айналдыру үрдісі болды. Сонымен қатар, эко-дизайнның бағыты адамның үлкен санын өз бақшасында көкөніс бақшасын жабдықтауға итермеледі, сондықтан бұл тек дизайн және өмір салты ғана емес.

Экодизайнды дамытудағы жаңа тәсілдер - кәсіби қызмет дағдыларын меңгеруде өз білімі мен шеберлігін жоғары деңгейде қолдана білу қабілеттілігі, өз ісінің авторлық қолтаңбасын қалыптастырушы жеке тұлға. Енді, біздің зерттеу жұмысымыздың пәнін ашып көрсетуде экодизайн технологиялары арқылы экодизайн мамандарының жаңа тәсілін қалыптастыру үдерісін негізге алғандықтан, экодизайн технологияларын тиімді, әрі мазмұнды пайдалану ерекшеліктеріне сипаттама берудің қажеттігі туындады. Жаңа технологиялар қандай да бір ақпарат беруді білдірмейді, ол білім алушылардың қисынды ойлау, бағдарламалық материалдың ең бастысын таба білу қабілеттіліктерін қалыптастырып, материалды неғұрлым терең меңгеруін қамтамасыз етеді. Жоғары мектепте жаңа технологиялар білім алушының іс-әрекетінде шеберлік пен біліктілік қызметінің нәтижелерін береді.

Біз зерттеу жұмысымызда экодизайн технологияларын заманауи қоғамда даму деңгейін қарастыруды негізге аламыз. Жалпы табиғат туындылар көрінісінде адам өмірі экодизайн технологияларымен тығыз байланыста дамып келеді. Олай болса, ең алдымен экология және дизайн ұғымының байланысына тоқталамыз.

Экодизайн мәні мен мазмұнына талдау жасау бүгінгі қоғам өміріндегі талаптарға сай зерттелу жағдайын ашып көрсету міндеті тұр. Ол үшін экодизайн терминіне түсінік беруде алдымен дизайн ұғымына тоқталуды жөн көрдік.

Дизайн теориясының қалыптасуына арналған көптеген еңбектер бар. Негізінен дизайн анықтамасын беруде біздің байқауымызша, бұл термин Еуропа елдерінде бастауын алады. Неміс ғалымдарының көркем құрылымы мен құрылыстың жоғары мектебінің негізін қалаушы әйгілі профессор Баухауз (Bauhaus) өз шәкірттерімен дизайнның жаңа стилін енгізуді ұсынды. Өз кезегінде атақты суретшілер мен архитекторлар дизайн ұғымының қалыптасуына өз үлестерін қосты. Айталық, Пауль Клее (Paul Klee, 1879–1940 гг.), Пит Мондриан (Pieter (Piet) Mondrian, 1872–1944 гг.), Василий Кандинский (1866–1944 гг.), Лионель Фенингер (Lyonel Feininger, 1871–1956 гг.), Мис ван дер Роэ (Ludwig Mies van der Rohe, 1886–1969 гг.), Ханнес Майер (Hannes Meyer, 1889–1954 гг.), Марсель Брейер (Marcel Breuer, 1902–1981 гг.), Вальтер Гропиус (Walter Gropius, 1883– 1969 гг.) бұл енгізген жаңа құрылымды қолдады [3].

Сонымен бірге, В.О. Пигулевский дизайнның жаңа стилі декорсыз қабылданғанын еске салады. Бұл ұсынған жобаның қызметі мақсатты түрде заттың шынайы бағалануында.

Функционализм мектебінің негізін салушы Вальтер Гропиус дизайнның негізгі бағытын былайша пайымдайды: «Өнер мен техника – жаңаша бірізділік».

Дизайн- (ағылш. design – жоба, жобалау, сызу, жоспар, сурет) – көркемсурет және сәулет өнерінің өнеркәсіп бұйымдарының үздік үлгілерін жасау және заттық ортаны үйлестіру шараларын қамтитын бағыты.

«Дизайн» сөзінің өз мағынасы оның этимологиясымен анықталады. Бұл орайдалатын тілінен аударғанда италияндық және ағылшын түсініктеріне тоқталуға болады.

Ол латын тілінен «designare» - анықтау, белгілеу сөзінен шыққан.

Италияндық «desegno» сөзі Ренессанс уақыттарынан бері жобалар, суреттер, негізін қалаушы идеялар мағынасын береді.

Англияда «design» сөзі жобалау, сызу, ойлап шығару деген мағынада қолданды [4]. Сонымен қатар осы саладағы Ресей ғалымдарының еңбектерінде дизайн ұғымына сипаттама беруге жол салған. XX-шы ғасырдың басында Ресей ғалымдарының бірі В.Ю.Медведев дизайн мәдениетін қалыптастырудағы маңыздылығын өз еңбегінде ашып көрсетеді.[5]. Зерттеуші «дизайн» ұғымына нақты анықтама беруде дизайн жүйесін ашып, оның мүмкіндіктері мен адам капиталын өрістеуде қажеттілігін баса айтады.

Дизайн тарихын зерттеген отандық ғалымдар Б.Т. Байешев және Б.Б. Байешев [4].өз еңбектерінде көптеген ғасырлар бойы адамның заттық кеңістіктік ортасында қолөнерді жоғары бағалай келе, адамды қоршаған заттар қолөнер шеберлерінің қиын да ұзақ еңбегінің нәтижесі деген түсініктермен толықтырып, шебер затты өңдеу процесінде өзінің өмірі жайлы түсініктерінің арқасында зат шынайы көрініс алатынын дәлелдей түседі. Қазіргі әлемде «дизайн» ұғымының даму және зерттелу жағдайы қоршаған ортамен байланысы жиі тоғысып келеді.

Бүгінде біз қоршаған орта объектілеріне тигізетін әсері жайлы, оған қатысты мәселелерді, түрлі жобаларды дизайн объектісі ретінде көреміз. Көп жағдайда, заттардың атаулары «эко» сөзімен байланыстыру негізінде «экологиялық» сипатқа ие. Бүгінгі таңда «экологиялық дизайн» ұғымы экологиялық құбылыс ретінде қабылданады. Экологиялық тұрғыдан байланысатын барлық салалар көрініс алады. Енді тікелей «экология» ұғымының ғылыми еңбектерде пайымдау тұстарына тоқталамыз. Оларды төмендегідей қарастырамыз: - табиғаттағы адамның іс-әрекеті, оған дегеніс жүзіндегі қарым-қатынасы (Н.Г. Васильев, М.С. Коган, С.Н.Кравченко, А.И. Кочергин, Ю.Г.Марков и др.); - экологиялық қатынастар жүйесінің моральдық және ғылыми құралдарын реттеудің тәсілі ретінде, теріс ойды оң қатынасқа өзгерту (Н.Н.Киселев, И.Д. Лаптев, К.И. Шилин и др.); - «Табиғатпен ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-тарихи ортада қоғамдық өзара әрекеттесудің сипаты» ретінде (О.С. Маркарян и др.); - әлеуметтік-табиғи құндылықтардың жиынтығын сақтау, жаңғырту және дамыту процесі (А.Ф.Лиходиевский, Е.Н. Никонорова, Н.Н.Храменков и др.); - адамның белгілі бір экология білімі мен сенімі, қызметке дегендайындығы, сондай-ақ нақты практикалық әрекеттері (И.Т. Суравегина); - «өзінің қызметінде көрінетін адамның маңызды күштерін - табиғатқа іс жүзіндегі қарым-қатынасты ашып көрсету шарасы» ретінде Коган Л.Н.; - «табиғат пен адамның арасындағы үйлесім» ретінде (Г.В.Мухин, М.Т. Фролов и др.); - «табиғаттың материалды-практикалық және рухани-теориялық дамуында және оның тұтастығын қамтамасыз етуде адамның әлеуметтік күштерін дамытудың және жүзеге асырудың шарасы мен тәсілі» ретінде А.Г.Масляева; - «Қоғам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты тереңдетілген білімді біріктіретін адамның жалпылама сипаттамасы» ретінде (Г.Н.Любарский, А.А. Меркумова) [8].

Бұл тұжырымдар негізінен экологиялық мәселелердің адам өмірінің табиғатпен тығыз байланысты тұстарын көрсетумен қатар, әлеуметтік-табиғи құндылықтардың сақталуына үлкен маңызы зор екенін байқатады. Қазақстан өнертану саласында зерттеу жүргізген ғалымдар да дизайн өнерінің дамуына үлес қосқан. Нарықтық сұранысты қанағаттандыруға қабілетті өнімдердің өндірілуін кең ауқымды шарттарда өндіру үшін жоба құру қажет. Жобалау (бұл ұғым XX ғ. 3-тен бір жартысына дейін қолданылған) – бұл өнімнің

өзінің өндірілуін алдын-алатын және оны таңбалау түрінде (сызбалар, макеттер, модельдер және т.с.с.) модельдейтін ерекше бір процесс.

Кез-келген жаңа бұйымның жобалауына кірісу кезінде дизайнер осы бұйымды қолданатын адамды үнемі ескеруі қажет. Адам туралы ойымен, ол туралы қамқорлығымен, елестер байлығын, технология білімін және қолдық шеберлігін қолдана отырып, дизайнер әрқашанда жаңалық, одан да прогрессивті шешім таба алады.

Біздің зерттеу жұмысымызда экодизайн технологияларының даму үдерісін зерттеуде, дизайн мен сәулеттің табиғатпен үйлесімділігін айта кету қажет. Бұл үрдіс экодизайн деп аталады. Бұл ұғымның шеңберінде жоспарға азық-түліктің мол мөлшерін қысқарту, сонымен қатар материал мен технологияны, қажеттіліктің жаңа құрылымын түбегейлі қайта қарастыру енеді. Адамның физикалық және психикалық денсаулығы арасындағы байланысты ешкім де жоққа шығара алмайды.

Экодизайнның пайда болуы қоршаған ортаның бүгінгі қоғам өмірінде табиғатпен байланыс дағдарысына жауап тапты. Экодизайнның сәулетшіге және дизайнерге қоятын негізгі талабы: бұйымды қауіпсіз пайдалану, денсаулыққа зиян келтірмеуі, шу, тербеліс, шығарулар, сәулеленудің аз мөлшері, экологиялық зиянды болдырмау. Міне, осыдан экодизайнның дамуында мынаталаптар ескерілуі қажет. Олар: материалдардың шығу тегіне, жобалау, жасау, қолдану және пайдалану кезінде қорларды үнемдеу, қоршаған ортаны қорғаудан бастап, жануарларға да дұрыс қарым-қатынас жасау, адам құқығын қорғаумен аяқталады. Экологиялық дизайн мен сәулеттің дамуы біздің әрқайсымызға аса қажет.

Экодизайн - адамға жайлы, әрі ыңғайлы, әрі үйлесімді болатын қоршаған ортаны қорғауға баса назар аудартатын дизайндағы және сәулеттегі ағым. Әдемі және ыңғайлылығы ғана емес, сонымен қатар жобалау, жасау, қолдану және пайдалану кезінде қолданылатын материалдардың сипаттамасы.

Сонымен, экодизайн адам тұрған жерді табиғатпен байланыстырады және қоршаған ортамен оңтайлы үйлестірілген адам жаратылысындағы ішкі көріністі береді. Адам «экологиялық» жайда өзін жақсы сезініп, экодизайн немесе табиғат сипатындағы табиғи материалдар мен түстідұрыс құрастыруға бет алады [2].



Сурет-1 Интерьердің фитодизайны

Мұнымен қатар, тұрмыс-тіршілігінде адам шынайы энергетика беретін жүннен жасалған кілем, алаша, жапқыштар, шыттан перделер, жиһазды қаптайтын мата, мақта маталары да экодизайнның бір бөлігін пайдалануға ыңғайлы деп есептейді. Күнделікті тіршілікте жиі қолданылатын экодизайндегі заттарды да адам өз өмірінде қажеттілігіне жаратады. Мәселен, шыныдан немесе балшықтан жасалған гүл салғыштар, өрілген себеттер, сандықтар, ағаш бұтақтары, кептірілген жапырақтар табиғатпен ұштасып, біркелкі жұмсақ түсте болуын қадағалайды.

Адам мен табиғат бірізділігінде керамикадан жасалған ыдыстар, ағаштан жасалған қасық, табақ, мақта сүлгілер, жез, күміс, қалайы сынды табиғаттың жер асты байлықтарынан жасалған ыдыстар да өз қажеттілігіне қарай пайдаланады. Қазіргі таңда жас ұрпақты өнерге баулу, өнердің көркемдік даму ерекшеліктерін қайта жандандыру мәселелері қойылып отыр. Болашақ ұрпақтың рухани азығының негізі осында деп пайымдаймыз[7].

В.А.Алексеева еңбегіне сүйенсек, ұрпақты тәрбиелеуде өнер арқылы әр азаматтың негізгі борышын орындауға, яғни еңбек етуде өнердің ойлау қабілетін қалыптастыруда маңызды екендігін атап өтеміз. Дизайн мен экология байланысын атап өтудегі үрдістегі ендігі бір бөлігін атайтын болсақ, ол өсімдік компоненттерінің байланысы.

Бұл тұжырымды өз кезегінде ең алғаш ұсынған дизайнер Линда Лаудермик болды. Өз еңбектерінде дизайнер 2002 жылы бамбук, теңіз балдырларынан және басқа да өсімдік компоненттерінен стандартты емес материалдардан көйлек бұйымдарын жасап шығарды. Осы бағытты көптеген дизайнерлер өз ұсыныстарын беріп, адам өміріне қажетті материалдарының құндылығын атап өтеді.

Яғни, жаңаша «эко-стильде» орындалған эко-маталар өте ыңғайлы және пайдалы. Мұндай топтамаларды ұсынған дизайнерлерді атап өтуімізге болады, олар: Стелла Маккартни, сонымен қатар танымал (Nike, H&M, Gap) маркалары арнайы жасалған киім өнімдерін шығарады, О.М.Санникова жазғы киім дизайнын жасаған болатын [6].

Көшпенді өмір сүрген, мал өнімімен айналысқан қазақ халқы экодизайн материалдарын баяғы заманнан қолданылып келеді. Тек қана Қазақ халқына тән киіз үй көрінісін көшпенді жағдайында қолдануға тиімділігі жоғары болған. Жалпы киіз үйдің құрылымы қойдың күзем жүнінен басылғаны мәлім. Үй тұрмысында мұндай құрылымдағы бұйым адам денсаулығына да өте пайдалы екендігін атап өтуіміз керек.

Киіз үйдегі жиһаз, ыдыс, адамға қажет тұрмыс-тіршіліктің бәрі табиғи материалдардан жасалынып кеңінен қолданылған. Бұл көріністер ежелден қазақ халқының адам мен табиғат тылмысын зерделей келе, экодизайн шынайы материалдарын тиімді қажеттілігіне жаратуға бейімді екендігін дәлелдей түседі. Ерте заманда ата-бабаларымыз табиғатты, ондағы тіршілік иелерінің ортамен байланысын жақсы біліп, сауатты пайдалана білген. Олар өздерінің табиғат қорларына, табиғатың тылсым жағдайына тәуелді екенін білген.

Ата-бабаларымыз өзін табиғаттың бір бөлшегі, табиғатпен айырылмастай байланыстамыз деп түсініп, жазу, сызу сауаты болмаса да табиғат кітабын оқи біліп, жинақталған білімді ұрпақтарына беріп отырған.

Халықтық педагогика алғашқыдан бастап еңбекке, табиғатқа ұқыпты көзқарас, жоғары адамгершілік қатынастар, адамға халық даналығын тасымалдаушы, беруші деп сыйласымдылықпен қарау сияқты тұғырлы негіздерден тұрған. Өкінішке осындай халықтық мәдениеттің көпшілік қырлары жойылып кеткен. Сондықтан халықтың тұрмыс-салтындағы, әдет-ғұрпындағы табиғат-Ананың орнын қайта жаңғырту бүгінгі күнгі педагогика ғылымы мен практикасының аса маңызды даигілікті міндеті болып табылады.

Жоғарыда айтылған пайымдауларға сүйене отырып, біз экодизайн дамуы бүгінгі таңда қоғам қажеттілігіне қарай маңызды мәселе болып келетінін дәлелді деректер келтіреміз. Сондықтан да, бүгінгі қоғамның экодизайн мәселесіне келуінің себебі ресурстарда экологиялық тұрғыдан таза күйінде қолдану алдыңғы шекте тұрғаны сөзсіз. Экодизайнның таза өнімді қолдана отырып оның адам өміріне қажетті екенін, және де эко өнімде утилизация жасауды да қолға алуды, яғни бір затты 7 рет қолдануға болатын білеміз.

Қолданылған әдебитеттер

1. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: ru.wikipedia.org/wiki/Экодизайн
2. Қарағанды университетінің Хабаршысы. Педагогика сериясы № 3(79)/2015.
3. Глазычев В.Л. О дизайне. Очерки о теории и практике дизайна на Западе – М.: Искусство, 1970. – 191 с.
4. Байешов Б.Т., Байешов Б.Б., Сейтпахиева А.Т. Дизайн тарихы мен теориясы. – Тараз: Таразуниверситетібаспасы, 2014.
5. Медведев В.Ю. Роль дизайна в формировании культуры. – СПб.: СПГУТД, 2004. – 108 с.
6. Санникова О.М. «Создание коллекции летней одежды с элементами эко-стиля» Исследовательская работа на Челябинский Молодёжный интеллектуальный форум «Шаг в будущее-Созвездие-НТТМ» (секция 4.1 «Мода и дизайн»). - Златоуст, 2012. – 39 с.
7. Демидова Н.Н., Камерилова Г.С. Основы экологического дизайна урбанизированной среды, 2014. 38 с.
Бейсенова, А.С., Шильдебаев, Ж.Б. Пути развития экологического знания учителей // Поиск (Серия ест.наук), 1995, № 4. – С. 44-47. (на каз. яз.).